**Жас Дарын-3»бастауыш мектебінің ұлдар жиналысының кезекті хаттамасы**

№ 6

2023-2024 оқу жылына «03» 12 2023ж

**Қатысқандар:**

1.Мектеп директоры Ә.А. Рахымбаева.
2.Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары: М.У.Жұмабаев
3.Мектеп ұстаздары -50 қызметкер.
4. Хатшы: С.Ж.Жайырбек.

***Күн тәртібіндегі мәселе***: Сыбайлас жемқорлықты алдын алу болдырмау мақсатында.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Жас Дарын-3 бастауыш мектебінің директоры Ә.А.Рахымбаева сөз алып өз сөзінде: Құрметті ұстаздар қазіргі қоғамдағы ең елеулі проблемалардың бірі сыбайлас жемқорлық фактілері екені баршаңызға аян.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлық заңының талаптарына сай сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:Заңдылық адам мен азаматтардың құқықтары бостандықтарымен заңды мүдделерін қорғау басымдығы жариялықпен ашықтық мемлекетпен азаматтық қоғамның іс-қимыл жасауы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі кешенді түрде пайдалану сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылға қарсы тұратын азаматтарды көтермелеу болып табылатынын ескере кетті.

Сонымен қатар Сыбайлас жемқорлық қылмысын алдын алу болдырмау мақсатында құқық қорғау органдарымен қоғамдық бірлесітіктермен еркінді жастарда белсене араласып жатқандығы белгілі.

Қоғамда елең алған дертті қайтару барша азамтық борыш деп есептеуге болады сыбайлас жемқорлыққа төтеп тұру орын алған сыбайлас жемқорлықтың жолын кесу мақсатында сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтарды хабарлау жайлы түсіндірмелік ақпараттар беріп кетті:

Атап айтқанда Сыбайлас жемқорлық мен құқық бұзушылық туралы ақпаратқа ие адам өзі қызметкер болып табылатын мемлекеттік органның не ұйымның басшылығына не сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі уәкілетті органға хабар береді.

Мемлекеттік органның ұйымның басшылығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі уәкілетті орган сыбайлас жемқорлық құқық бұзышылық туралы түскен хабарлама бойынша заңға сәйкес шаралар қолдануға міндетті екенін атап өтті.

Құрметті ұстаздар сіздерге қатаң түрде ескертіп айтайын белгіленген мерекеге орай ұстаздар күні жаңа жыл туылған күн наурыз мерекесі 8-наурыз мерекесі алғашқы қоңырау соңғы қоңырау атты мерекелерге сый сйыпаттар алу ақшалай және құнды заттар алуға мүлдем тиым саланатындығын ескертемін себебі осы аталған мерекедегі алынған сый сиапат ақшалай алынған заттар сыбайлас жемқорлық заңының талаптарына қарсы екенін ескерте кетейін және осындай іс әрекеттердің соңы қылмыстық жауапгершілікке әкеп соғатынын назарларыңызға саламын.

Жас дарын -3 бастауыш мектебінің директордың тәрбие жөніндегі орынбасары М.Жұмабаев сөз алып өз сөзінде: Құрметті ұстаздар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлық заңының талаптарында Қазақстан Республикасының әр бір азаматтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу орын алған жайтті хабарлау сыбайлас жемқорлықпен қарсы күрескен азаматтады заңмен қорғау котермелеу керектігі атап көрсетілген осыған орай әр бір педагог қызметкер әр бір Қазақстан республикасының азаматы ұлтына жынысына дініне қарамай сыбайлас жемқорлықпен қарсы күрес барлығымызға бірдей азаматтық жауаптылығымыз деп ескерсек қателеспейміз.

Алдағы уақытта қоғам болып ұстаздар болып қоғамда белең алған сыбайлас жемқорлық дертімен бірге күресуіміз керек. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18-қарашадағы №410 заңын негізге ала отырып.

**Ш Е Ш І М Е Т Т І.**

1- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18-қарашадағы №410 заңын негізін басшылыққа ала отырып сыбайлас жемқорлық пен құқықбұзушылық іс әрекеттерін алдын алу мақсатында бұйрық шығарылып осы бұйрық талаптарымен Жас дарын-3 бастауыш мектебінің ұстаздары толық таныстырылсын.

**Жас Дарын-3 бастауыш мектебінің директоры:** **Ә.А.Рахымбаева.**

**Хатшы:** **С.Ж.Жайырбек.**